

**№1-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

02.09.2025 жыл

Қатысқан-7

Қатыспаған-жөк

«Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау.»

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Жазғы сауықтырудың нәтижелері.
3. 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау:
 - мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау;
 - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
 - педагог қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп және біліктілік санаттары;
 - балалардың кешенді қауіпсіздігінің стратегиясы: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек?
4. Бекіту:
 - ҰІӨ, күн тәртібінің регламентін;
 - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау;
 - 2025– 2026 оқу жылында педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
 - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;
5. Ата-аналармен жүргізілетін (занды өкілдермен) жұмыстың жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші болып балабақша меңгерушісі А.К. Бисенова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін оқыды. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Бірінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі А.А.Есенғалиева сөз сөйледі. Балабақша мейірбикесі балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп беріп, осы жазда шуақты күндердің көп болғандықтан және балалардың ашық су айдындарында шомылуына мүмкіндік көп болғанына байланысты бұл олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы кезеңде ауладағы бассейнде жүзу ҰІӨ өткізілді (егер бар болса, жазғы кезеңде үрлемелі бассейндерді ұйымдастыруға болады). Жазғы алаңда танертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Мәзірге балғын шырындар, жемістер, көкөністер енгізілді. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі орташа және төмен қарқынды ойындарымен камтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде Балбөбек балабақшасының педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін:

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

Шешім: 2. Балабақшаның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарының жобасы бекітілсін және негізге қабылдансын:

- Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі.

Шешім: 3 ҰІӨ, күн тәртібінің регламенті бекітілсін.
Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін.

Педагог қызметкерлердің 2025–2026 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы бекітілсін

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі. Ол балабақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін ескертті.

Шешім: 4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын:

Төраға:

Хатшы:



А.К.Бисенова

Н.А.Бектұрсынова

**№2-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

03.11.2025жыл

Қатысқандар-7

Қатыспаған-жөк

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін жүзеге асыру шеңберінде
STEM-технологияларды баланы дамытудағы инновациялық
тәсіл ретінде қолдану».**
(тақырыптың жобасы)

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (меңгеруші).
2. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі (әдіскер).
3. «Педагог жәрмеңкесі» өзінің жұмыс тәжірибесін таныстыру (біліктілік санатын арттыруға үміткер педагогтер, баяндамашы әдіскер, қосымша баяндамашы тәрбиешілер).
4. Жол көлік оқиғалары жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
5. Бастапқы мониторинг қорытындысы (әдіскер).
6. Әртүрлі.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

– Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге,

вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттама №1 02.09.2025ж) орындалды деп танылды:

Жауапты: балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова

Мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша: балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова және топ тәрбиешілері сөз сөйледі. Тақырыптық бақылаудың қорытындысы шығарылды: «Баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM-технологияны енгізудің тиімділігі».

Шешім: 3.

Балалардың негізгі дағдыларын дамытуға CRM технологиялардың пайдалы әсерін ескере отырып, оларды білім беру процесіне енгізуді жалғастыру.

Күнделікті жұмыста STEM-әдістемелерді тиімдірек пайдалану мақсатында педагогтер үшін қосымша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.

Техникалық базаны жақсарту үшін қосымша ресурстарды тарту: грант бағдарламаларына қатысу немесе қажетті материалдар мен жабдықтарды қамтамасыз ету үшін демеушілерді тарту мүмкіндігін қарастыру;

Шеберлік сағаттары мен бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен жұмысты жандандыру:

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі.

«Педагог жәрменкесі» жұмыс тәжірибесінің тұсаукесерін қорытындылады. Педагогтер STEM, жобалық және ойын оқыту әдістері сияқты заманауи білім беру технологияларын енгізудің табысты тәжірибесін көрсетті. Балаларды дамыту және олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін цифрлық құралдарды қолдану мысалдары әріптестер арасында қолдау тапты.

Шешім: 4.

Білім беру қызметінде жаңашыл әдістер мен технологияларды қолдануды кеңейту және дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

Педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты жандандыру, табысты әдістемелерді өзара алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру.

Ата-аналарды тәрбие-білім беру процесіне тарту үшін жаңа жобалар әзірлеу, бірлескен іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру:

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар арасында жол-көлік жарақатын азайту жөніндегі профилактикалық жұмыс жоспарын талқылау барысында мынадай аспектілер қарастырылды.

Іс-шаралар мен ойын формалары арқылы балалардың жолда қауіпсіз жүріс-тұрысын қалыптастыру.

Жол қозғалысы ережелері және өз балаларының қауіпсіздігі үшін жауапкершілігі туралы ата-аналардың хабардарлығын арттыру.

Балалар және олардың отбасыларымен жүйелі профилактикалық жұмыс жүргізу арқылы балалардың жол-көлік оқиғаларында жарақат алу жағдайларының санын азайту.

Келесі іс-шаралар жоспарланды.

Балаларға арналған ай сайынғы тақырыптық ойындар.

Ойын алаңдарын құру және пайдалану.

Конкурстар мен викториналар өткізу.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі тақырыбында суреттер мен колөнер конкурстарын, сондай-ақ ЖҚЕ туралы білімді бекітуге бағытталған викториналарды ұйымдастыру.

Жол полициясы қызметкерлерін қатыстыра отырып, интерактивті іс-шаралар өткізу.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі апталығы.

Бағдарламаға жолдағы қауіпсіздік тақырыбында театрландырылған қойылымдарды, көріністер мен флешмобтар енгізе отырып, тақырыптық апталар өткізу.

Шешім: 5.

1. Тәрбиеленушілер арасында жол-көлік жарақатын азайту жөніндегі профилактикалық жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларын тарта отырып, жоспардың іс-шараларын іске асыра бастау.

3. Жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігіне тұрақты мониторинг және бағалау жүргізу, қажет болған жағдайда жоспарды түзету.

4. Бірлескен акциялар мен іс-шараларды өткізу үшін жергілікті жол полициясы органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жүргізу:

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі ұйымдардың балалары үшін бастапқы мониторинг жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мониторинг критерийлері балалардың физикалық даму жасына, коммуникативті, танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық дағдыларына, зерттеу қабілеттеріне, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларына сәйкес қалыптасуына ықпал етеді.

Тәрбиеші топ мониторингінің нәтижелері бойынша оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын толтырады. Жеке картаны толтыру кезінде педагог дамытушылық және түзету іс-шараларын толық жазады, қажет болған жағдайда мониторинг нәтижелері бойынша дамытушылық және түзету іс-шаралары жоспарлануы мүмкін.

Топтардың мониторинг нәтижелері негізінде балабақша бойынша мониторингтің жеке жиынтық есебі жасалды. Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша мынадай нәтижелер анықталды (топтар бойынша нәтижелерді жазып көрсету):

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша баланың дамуын қадағалауға ерекше назар аудару (бағдарламаны игеру деңгейі жеткіліксіз болған білім беру салалары бойынша).

Шешім: 6.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын және барлық жас топтарындағы интегративті қасиеттерді игеру бойынша мониторинг нәтижелерін назарға алу.

2. Педагогтерге балалармен жеке жұмыс жүргізу және әр топта баланың жеке даму картасын құрастыру.

Төраға
Хатшы



А.К.Бисенова

Н.А.Бектұрсынова

**№3-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

06.02.2026жыл

Қатысқандар:7

Қатыспаған-жоқ

«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру».

(тақырыптың жобасы)

Өткізу формасы: «Іскерлік ойын».

Күн тәртібі:

1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. «Педагогтің адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың түрлі тәсілдерін енгізу бойынша балалармен бірлескен қызметінің фрагменттері» атты бейнелі очерк (баяндамашы әдіскер, қосымша баяндамашы тәрбиешілер).
3. «Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірleme» педагогикалық шеберлік конкурсының қорытындыларын талқылау (әдіскер).
4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны бағалау, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін жағдайлар, түрлі құралдар болуы» (әдіскер).
5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы: шаралар, міндеттер және қызметкерлердің жауапкершілігі (МДҰ меңгерушісі).
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың №2 03.11.2025ж) орындалды деп танылды:

Жауапты: балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова

Мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынованың сөзі тыңдалды, ол қатысушыларды «Педагогтің адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың түрлі тәсілдерін енгізу бойынша балалармен бірлескен қызметінің фрагменттері» атты бейнелі очерктің нәтижелерімен таныстырды. Осы материал негізінде тәрбиешілердің балалармен жұмыс тәжірибесіне патриоттық сезімдерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстың әртүрлі формаларын енгізуге болатынын атап өтті:

- туған ел, мәдени мұра және дәстүр тақырыбында балалар әдебиетін оқу және талқылау;

- туған өлкенің тарихы, маңызды оқиғалар мен қайраткерлер туралы интерактивті ҰІӘ;

- патриоттық тақырыптағы шығармашылық байқаулар, көрмелер, театрландырылған қойылымдар.

Шешім: 2. Әдістемелік жұмыстың мынадай нысандары арқылы адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың әртүрлі тәсілдерін енгізу бойынша педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіру:

- патриоттық тәрбиенің тиімді әдістерін (интерактивті ойындар, жобалар, шығармашылық тапсырмалар) пайдалануды үйретуге бағытталған практикалық семинарлар, тренингтер мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру;

- балаларда адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастыру бойынша табысты жұмыс тәжірибесімен алмасу үшін әдістемелік бірлестіктер өткізу;

- мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдар мен материалдар әзірлеу:

Жауапты: балабақшасының әдіскері.

Мерзімі: жыл бойы.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі. Мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік-патриоттық қасиеттерді қалыптастыру бойынша тиімді бағдарламаларды әзірлеуге педагогтердің қатысуының маңыздылығын атап өтіп, конкурсты қорытындылады. Байқау педагогтердің кәсібилігінің жоғары деңгейін және патриоттық тәрбие берудегі әдістемелік тәсілдердің алуан түрлілігін көрсетті.

Шешім: 3.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеуге белсенді қатысқаны және

креативтілік көрсеткені үшін алғыс білдіре отырып, конкурстка қатысушылардың жоғары кәсіби деңгейін атап өту.

2. Балабақшалардың практикалық қызметіне балаларда патриоттық сезімдерді қалыптастырудың өзіндік тәсілдері мен тиімді әдістерімен ерекшеленетін үздік әзірлемелерді енгізуді ұсыну:

Жауапты: балабақшасының әдіскері.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөзі тыңдалды, ол қатысушыларды жылдық жоспарға сәйкес жүргізілетін тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша талдамалық анықтамамен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жағдайында тәрбие-білім беру процесіне түбегейлі жаңа талаптар қойылады. Тақырыптық бақылау шеңберінде мынадай мәселелер зерделенді: балабақшаның білім беру ортасы, дамытушы ортаны балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қажетті шарты ретінде құру. Балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова топтарда дамытушы ортаны ұйымдастырудың оңды және жағымсыз жақтарын атап өтті, бірқатар проблемаларды анықтады, педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделіне сәйкес дамушы кеңістікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар берді.

Шешім: 4. Педагогтердің әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру бойынша кәсіби дағдыларын жетілдіру.

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөзі тыңдалды. Сөз сөйлеу барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерді, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға жауапкершілігін қоса алғанда, білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қозғалды. Қызметкерлердің жауапкершілігіне назар аударды:

- заңдық жауапкершілік: сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жағдайда, қызметкерлер заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін;
- тәртіптік жауапкершілік: сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзғаны үшін сөгіс беру, жұмыстан босату және білім беру ұйымдарында одан әрі жұмыс істеуге тыйым салуды қоса алғанда, тәртіптік шаралар көзделген;
- этикалық жауапкершілік: қызметкерлер педагогикалық этика нормаларын сақтауға және мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін кез келген әрекеттердің алдын алуға міндетті.

Шешім: 5.

1. Балабақшадағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар кешені бекітілсін, оның ішінде:

- сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша ішкі регламенттерді әзірлеу;
- барлық қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері жөнінде оқыту іс-шараларын тұрақты өткізу;
- балабақшаның ресми сайттары мен ақпараттық стендтерінде қаржылық деректерді қоса алғанда, қызмет туралы ақпаратты орналастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын бақылауға бағытталған есептілік пен аудиттің міндетті тетіктерін енгізу.

Жауапты: балабақшасының меңгерушісі.

Мерзімі: тұрақты.

Төраға
Хатшы



А.К.Бисенова

Н.А.Бектұрсынова

**№4-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

22.05.2026жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспаған-жок

Қорытынды
(тақырыптың жобасы)

Өткізу формасы: дөңгелек үстел.

Күн тәртібі:

1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2025-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау (МДҰ меңгерушісі).
3. Балалардың даму мониторингін талдау (әдіскер).
4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі (топтардың тәрбиешілері).
5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025-2026 оқу жылындағы қызметінің есептері (мамандар).
6. Алдағы оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың № және өткізілген күні) орындалды деп танылды:

Жауапты: балабақша меңгерушісі .А.К.Бисенова.

Мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі. Баяндама барысында меңгерушісі балабақшаның өткен оқу жылындағы жұмысының нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ МДТБ МЖМС шеңберінде орындалған міндеттер мен жеткен жетістіктерді талдауды ұсынды. Талқылаудың негізгі аспектілеріне білім беру қызметі, балалардың даму

нәтижелері, ата-аналармен өзара әрекеттесу және балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту кірді. Оқу жылына қойылған барлық негізгі міндеттер орындалды. Педагогтер білім беру процесінде заманауи әдістер мен технологияларды белсенді қолданды, бұл балалардың білім деңгейі мен дағдыларын арттыруға ықпал етті.

Шешім: 2.

1. Балабақша ұжымының 2025-2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, тәрбие-білім беру қызметі мен балалардың дамуындағы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жоғары нәтижелер атап өтілсін.

2. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарында мынадай бағыттарға назар аудару керек:

- дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жаңарту бойынша жұмысты жалғастыру;
- балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа білім беру технологияларын енгізу;
- тұрақты кездесулер, бірлескен жобалар мен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту;

Жауапты: балабақшаның меңгерушісі, әдіскері

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерудің қорытынды мониторингінің нәтижелеріне тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі бағыттары бойынша балалардың даму деңгейін бағалау, жеке жетістіктердің динамикасын, сондай-ақ білім беру процесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау. Топтардағы балалардың жалпы даму деңгейі жас нормаларына сәйкес келеді. Балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы толық көлемде жүзеге асырылады, бұл олардың дамуына жағымды әсер етеді.

Негізгі басым жақтары:

- балалардың тұрақты әлеуметтік-коммуникативтік дамуы, ұжымда өзара әрекеттестікке дайындығы;
- ересек топтағы балалардың сөйлеуінің дамуы мен танымдық белсенділігінің жоғары деңгейдегі нәтижелері;
- балалардың шығармашылық ҰІӨ қызығушылығының жоғары болуы және көркем-эстетикалық іс-шараларға белсенді қатысуы.

Қосымша назар аударуды қажет ететін проблемалық аймақтар:

- кіші топтарда ұсақ моториканы дамыту және қозғалыстарды үйлестіру жөніндегі жұмысты күшейту қажеттілігі;
- артикуляция және жүйелі сөйлеуінде проблемалары бар балалармен сөйлеу ҰІӨ көбірек көңіл бөлу;
- кейбір балалардың зейіні мен еске сақтауын дамыту үшін қосымша ҰІӨ жүргізу.

Шешім: 3.

1. Тәрбиешілердің артикуляция және жүйелі сөйлеуді қалыптастыруда қиындықтарға тап болған балалармен сөйлеуді дамыту жөніндегі жұмысын күшейту. Ойын түрінде ҰІӨ қосымша жаттығулар әзірлеу.
2. Балалардың дене дамуы бойынша қосымша ҰІӨ өткізу, әсіресе кіші топтарда үйлестіру мен ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар өткізу.
3. Ата-аналарға сөйлеуді және ұсақ моториканы дамыту бойынша кеңес беруді ұйымдастыру, оларға үйде балалармен ҰІӨ өткізуге арналған ойындар мен жаттығулар ұсыну.
4. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму картасына өзгерістер енгізу:

Жауапты: балабақшаның әдіскері Н.А.Бектұрсынова

Жоспардың төртінші тармағы бойынша топ тәрбиешілері есеп берді.

Шешім: 4.

1. Тәрбиешілер мен мамандардың 2025-2026 оқу жылындағы есептері қанағаттанарлық деп танылсын.

Жауапты: балабақшаның әдіскері Н.А.Бектұрсынова

Жоспардың алтыншы тармағы бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз сөйледі, ол педагогтерді мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасымен таныстырды.

Шешім: 6.

1. Педагогтер мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасымен таныссын және түзетулер енгізсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері .

Жоспардың жетінші тармағы бойынша балабақша әдіскері Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі, ол педагогтерді келер оқу жылына арналған жұмыстың негізгі міндеттерімен таныстырды.

Шешім: 7.

Педагогтер жұмыс жоспарының жобасымен таныссын және түзетулер енгізсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері

Жоспардың сегізінші тармағы бойынша балабақша мейірбикесі А.А.Есенғалиева сөз сөйледі, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды.

Шешім: 8.

1. 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасы өзгеріссіз бекітілсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері, мейірбикесі

Төраға
Хатшы


А.К.Бисенова
Н.А.Бектұрсынова